



БҰЙРЫҚ
2019 жылғы «09» тамыз

ПРИКАЗ

№ 360

Ақтөбе қаласы

город Актөбе

**Банкроттық басқарушыны
міндетінен босату және
тағайындау туралы**

«Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 7 наурыздағы Заңының 12 бабының 10 тармағының 3 тармақшасы 93-бабының, 4-тармағына сәйкес және «Жанатас-продактс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің 2019 жылғы 12 шілдедегі кредиторлар жиналысының хаттамалық шешімінің негізінде, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Жанатас-продактс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (БСН 040440001900) банкроттық басқарушысы Арман Карабаевич Сарманов банкроттық басқарушы міндетінен босатылсын.

2. Банкроттық басқарушы Арман Карабаевич Сарманов борышкердің құрылтайшы, қаржы және оның мүлкіне құқық белгілейтін құжаттарын, барлық мүліктерін (активтерін), сондай-ақ борышкердің мөртаңбасын қайта тағайындалған банкроттық басқарушысына үш жұмыс күнінен кешіктірмей (бар болған жағдайда) тапсырсын.

3. «Жанатас-продактс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің банкроттық басқарушысы болып Арыстанбай Такеевич Есбергенов тағайындалсын.

4. Арыстанбай Такеевич Есбергеновке Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасы талаптарына сәйкес банкроттық басқарушы міндеттерін атқару жүктелсін.

5. Банкроттық басқарушы Арыстанбай Такеевич Есбергеновке Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасы талаптарының орындалуын қамтамасыз етілсін.

6. «Банкроттық басқарушы тағайындау туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ақтөбе облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің 2019 жылғы 19 ақпан №75 бұйрығының күші жойылсын.

7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Берешектермен жұмыс басқармасы басшысының міндетін атқарушы Бауыржан Нурдаулетович Калпатовқа жүктелсін.

Басшы

А. Паяев

008198